

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК**

Әдістемелік кеңес

Хаттама № 1

06.09.2021 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын
стандарт талаптармен таныстыру
Тәрбиеленушілерге бастапқы мониторинг жүргізу жұмыстары


Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі
Г.У.Жанабилова балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтап,
жаңа оқу жылының негізгі бағыттары бойынша алдымыздағы жаңа оқу
жылына арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері
А.Султанбекова біздің міндетіміз жас ұрпақты тәрбиелеу. Балалардың білім,
білік дағдыларын дамыту барысында олардың деңгейлік көрсеткіштерін
анықтау барысында бастапқы диагностикалық қорытынды жұмыстарын
жүргізу керектігін айтты.

Қаулы етеді:


1. Жаңа оқу жылындағы балабақша жұмысының негізгі бағыттары қолға
алынсын.
2. Балаларға диагностикалық қорытынды жұмыстары жүргізілсін.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК**

Әдістемелік кеңес

Хаттама № 2

05.04.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

1. « Мен қандай тәрбиешімін» тест
2. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі « Ғарыш әлеміне саяхат»

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова тест алудың негізгі мақсаты – тәрбиешілерге жақсы көңіл - күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Бұл тәрбиешілердің өзіне деген сенімін арттырып, оқу іс - әрекеттеріне деген тұрақты зейінін қалыптастыруға, қызығушылығын оятуға жағдай туғызады. « Мен қандай тәрбиешімін» тест

1. Тәрбиешілік қызметке қалай келдіңіз?
 - а) жүрек қалауымен
 - ә) кездейсоқ
 - б) лажым жоқтықтан
2. Сіз үшін тәрбиешінің жұмысы:
 - а) керемет жұмыс
 - ә) күнкөріс үшін
 - б) бас қатыру
3. Балалар сізді қандай деп ойлайды?
 - а) өте сауатты деп есептейді
 - ә) қанағаттанарлық
 - б) олардың көзқарасында жұмысым жоқ
4. Балалар арасында жарыс болатын болса:
 - а) міндетті түрде менен көмек сұрайды
 - ә) кейде
 - б) маңыма мүлде жоламайды

5. Сіздің іс-әрекет ету тәсіліңіз қандай?

- а) тыс қызықты материалды жиі пайдаланамын
- ә) сирек қолданамын
- б) белгілі айтылған тапсырмадан шыға алмаймын

6. Балабақшадағы ережеден тыс жұмысты ұйымдастыруда

- а) балалар арасында жиі-жиі жарыстар ұйымдастырамын
- ә) басшылар ескерткенде ғана
- б) бас ауыртқым келмейді

8. Балаға қол жұмсайсыз ба?

- а) мүлде қол жұмсамаймын
- ә) анда-санда
- б) «Аюға намаз үйреткен – таяқ» деп есептеймін

9. Тәрбиеші болғаныңызға

- а) ризасыз
- ә) сізге бәрібір
- б) өкінесіз

10. Ұжым арасында беделіңіз:

- а) өте жоғары
- ә) жақсы
- б) орташа

Әрбір «а» жауабына – 5 ұпай, «ә» жауабына – 3 ұпай, «б» жауабына – 1 ұпай есептеңіз.

45-50 ұпай жинасаңыз:

Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз.

30-21 ұпай жинасаңыз:

Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп іздену керек.

15-11 ұпай жинасаңыз:

Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орыныңызды бала жанын түсінетін шын тәрбиешіге босатқаныңыз жөн.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Г. Баянова сөз алады. «Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбында ұйымдастырылған ашық оқу қызметі болып өтті.

Білімдік саласы: Әлеуметтік орта

Тақырыбы: Ғарышқа саяхат (аралас сабақ)

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Өз ойларын толық жеткізіп, әңгімелеу дағдыларын пысықтау. Ермексазды қолдана отырып, тапсырманы ұқыпты, таза орындау қабілеттерін дамыту.


Көрнекіліктер: суреттер, слайд, ермексаз, тақтайшалар.

Әдіс - тәсілдері: әңгімелеу, таныстыру, сұрақ - жауап, мүсіндеу.

Қаулы етеді:

1. Балабақшаның режимдік сәтінде орын алатын сюжеттік-ролдік ойындардың жұмысы жандандырылсын

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай балабақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес**

Хаттама № 1

01.09.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын стандарт талаптармен таныстыру 03.08.2022 № 348 бұйрық, № 394 бұйрықпен таныстыру.

«Balabaqsha.snation.kz» және «ҰББДҚ» платформасы бойынша тәрбиеленушілердің құжаттарын реттеу

Озық тәжірибе жинақтау (мақала жариялау, баспаға шығару, тарату)

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова сөз алды. Бүгінгі таңдағы білім беру қоғамның маңызды мәселелерін шешудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Қоғамның білімге қойылатын талаптары мемлекеттік білім беру саясаты қағидаттарының жүйесімен тұжырымдалады. Қазақстан Республикасының Білім беру саясатының басым бағыттары ретінде нормативтік-құқықтық актілерді табысты іске асыруға ықпал ететін педагогтің кәсіби-жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған. «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығын – негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын табысты жүзеге асыру мақсатында таңдалды. Бағдарламаның мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балаларды арнайы ұйымдастырылған дамытушы ортадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби іс-әрекеттерінің деңгейін арттыру, шеберлікті жетілдіру және кәсіптік стандарт талаптарына сәйкес тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетіне қажетті құзыреттерді дамыту үшін жағдай жасау. Бағдарламаның міндеттері: тыңдаушыларды мектепке дейінгі білім берудің заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен, балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің заманауи тәсілдерімен таныстыру;

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Султанбекова сөз алды.

Балабақшаға қабылданған, шыққан тәрбиеленушілерді «Balabaqsha.snation.kz» және «ҰББДҚ» қабылданып шығарылсын. Ситсен база да баланы белгілеу уақыты сағат 14:00 дейін. Базаны белгілеуде мұқият болыңыздар. Әр баланы бұйрықпен қабылдап, бұйрықпен шығарамыз.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі М.Жарасбаева әлеуметтік желілер мен баспа беттеріне мақалалар жарияланып жатқандығын айтты. Балабақшада өткізілген іс-шаралар, көрмелер, ұйымдастырылған ашық оқу қызметтер газет журналдарға жариялануда.

Қаулы етеді:

Баспа беттерінде мақалалар жариялау көбейтілсін.

Менгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы :



М.Нурбаева